

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы даярлау бағыты**  
**бойынша**  
**№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

14.02.2023 ж.

**Қатысқандар:** АК төрағасы - п.ғ.к., доцент А.Жумадуллаева, АК мүшелері - п.ғ.к., доцент М.Жаздықбаева, п.ғ.к., доцент Г.Кайбулдаева, PhD, аға оқытушы Г.Мейірбекова, аға оқытушы Э.Халилаева; жұмыс беруші өкіл, «Балдырған» балабақшсының меңгерушісі С.М.Есетова, магистрант С.А.Мирзаева, білімгер Д.Д.Жарылхасын.

Қатыспағандар:-

**Күн тәртібінде**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу
3. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру
4. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау
5. Әртүрлі мәселелер бойынша ГОСО өзгерістеріне байланысты магистратура БББ-рын жаңарту туралы

**Тындалды:**

**АК төрағасы А.Жумадуллаева:** Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру. Ақпан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**АК мүшесі, п.ғ.к., доцент М.Джаздықбаева:** Бірінші мәселе бойынша, Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізіліп, 7М01202 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы даярлау бағыты бойынша оқу жоспарында көрсетілген пәндерге аудит жүргізілді. Білікті, білімді, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін қажетті пәндерге сараптама жасалды. Жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында 7М01202 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалары егжей-тегжейлі талқыланып, жұмыс берушілер болашақ кадрларда қандай негізгі құзыреттіліктерінің болуы керектігіне тоқталып, бағдарламаларда практикаға негізделген қандай пәндердің болуы керектігі туралы өз ұсыныстарын білдірді. Сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларының (minor) пәндері талқыланып қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысындағы жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

**АК мүшесі, п.ғ.к., доцент Г.Кайбулдаева:** Екінші мәселе бойынша, Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңартылды және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау мәселелері қарастырылды. Сол бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар барысында білім беру бағдарламасы түлегінің моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қоса алғанда, маманның құзыреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құзеттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды.

**АК мүшесі, PhD, аға оқытушы Г.Мейірбекова:** Үшінші мәселе бойынша, Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілді, кездесулер өткізілді. Сондықтан осы мәселені ондағы атқарылатын жұмыстарды ақылдасып шешімін қарау керектігін айтып өтті. Ол кездесулер жұмыс беруші өкілі «Балдырған» балабақшсының меңгерушісі С.М.Есетова қауымдастығы мүшелермен ұйымдастырылды.

**АК мүшесі, п.ғ.к., доцент М.Джаздықбаева:** Әртүрлі мәселелер бойынша, Жалпы магистратура- 2жыл- 120 кредитті қамтиды. Оның ішінде базалық пәндер 35 кредит, Бейіндеуіш пәндер циклі-53 кредит, ғылыми зерттеу жұмысы - 24 кредит және магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау 8- кредитті қамтиды. 7M01303- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 21 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері өзгертілді:

1. Қазақстанда мектепке дейінгі педагогиканың даму тарихы - 5-тен-7 кредитке
2. Болашақ маманның рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастыру әдістемесі 5-тен-7 кредитке
3. Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық негіздері 5-тен - 6 кредитке ауысты.
4. Қазіргі білім берудегі құзыреттілік тұғыр 5-тен - 6 кредитке ауысты.
5. Мектепке дейінгі білімді басқарудың жаңа тұғырлары 5-тен - 6 кредитке ауысты.
6. Ғылым мен мектепке дейінгі білімнің қазіргі мәселелері 5-тен - 6 кредитке ауысты.

**АК төрағасы А.Жумадуллаева:** Құрметті АК мүшелері, бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар өте көп, ұжыммен бірлесіп жасаған жұмыс әрқашан оң шешімін табады деген сенімдемін.

**Шешім:** Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізілді. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстары жинақталып, зерттелді. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті ұйымдастырылды. Магистратура білім беру бағдарламаларындағы өзгерістер енгізілген. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау талдансын.

АК төрайымы:



А.Жумадуллаева

Хатшысы:



С.Мирзаева